	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПНОВНД2.2060-2023	1—17 бет

«Бекітілді»
Басқарма Төрағасының бұйрығымен
№245-Н от 14.05.2021 ж.

Қайта рәсімделді
Басқарма Төрағасы-Ректордың
бұйрығымен
№342-Н 21.09.2023 ж.

ІШКІ НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

ЕРЕЖЕ


«С. СЕЙФУЛЛИН АТЫНДАҒЫ ҚАТЗУ» КеАҚ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ТУРАЛЫ

ІНҚҰҚМН 02.2060-2023

Дана _____
Көшірме _____

АСТАНА, 2023

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПНОВНД2.2060-2023	2—17 бет

АЛҒЫ СӨЗ

1 ӘЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ жұмыс тобы тарапынан
(ЖОБ әзірлеген құрылымдық бөлімшенің атауы)

2 ҚАЙТА РӘСІМДЕЛДІ Сапа комитетімен, Басқарма Төрағасы-Ректордың
2023 жылғы 21 қыркүйектегі №342-Н бұйрығына сәйкес

3 БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ КҮШІНЕ ЕНГІЗІЛДІ

(Құжатты бекітетін лауазымды тұлға)

Басқарма Төрағасының 2021 жылғы 14 мамырдағы №245-Н бұйрығымен
(Ұйымдастырушылық-өкімдік құжаттың атауы, күні және нөмірі)

4 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:


- Академиялық мәселелер департаментінің директоры – Қ.А. Сарбасова
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні)
- Халықаралық байланыстар департаментінің директоры – С.А. Мейрамова
(ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, аты-жөні)

5 АЛҒАШҚЫ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ: 2026 ж.

ТЕКСЕРУ МЕРЗІМДІЛІГІ: 5 жыл

Осы құжат «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің»
Басқарма Төрағасы – Ректорының рұқсатынсыз толық немесе жартылай көшірілуі,
тираждалуы және таратылуы мүмкін емес.

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады


	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	3—17 бет

Мазмұны

1 Қолдану саласы.....	4
2 Нормативтік сілтемелер.....	4
3 Анықтамалар.....	4
4 Белгілеулер мен қысқартулар.....	5
5 Жауапкершілік және өкілеттіктер.....	5
6 Жалпы ережелер.....	6
7 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та» мүгедектер мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларды оқытуды ұйымдастыру.....	6
8 Мүгедек және денсаулық мүмкіндіктері шектеулі талапкерлермен жоғары оқу орнына дейінгі дайындық пен кәсіби бағдар жұмысын ұйымдастыру.....	7
9 Білім беру процесін кешенді сүйемелдеу және мүгедектер мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалардың денсаулығын сақтау.....	7
10 Инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету.....	9
11 Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар мен мүгедектерге электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдану арқылы іске асырылатын білім беру бағдарламаларын дамыту және қызмет көрсету.....	9
12 Әлеуметтік-мәдени бейімдеу, мүмкіндігі шектеулі түлектерді жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.....	10
13 Кедергісіз сәулет ортасын құру.....	11
14 Білім беру процесін кадрлармен, соның ішінде тиісті біліктілігі бар профессор-оқытушылар құрамы санаттарымен қамтамасыз ету.....	12
15 Мүгедектер мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған бейімделген білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.....	13
16 Өзгерістер енгізу тәртібі.....	14
17 Сақтау және тарату.....	14

Қосымшалар:

- А Келісу парағы – 15
- Б Танысу парағы – 16
- В Өзгерістерді тіркеу парағы – 17

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	4—17 бет

1 Қолдану саласы

Осы «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та инклюзивті білім беру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) барлық қызметкерлер үшін міндетті түрде танысуға және қатаң сақтауға жатады.

Ереже ішкі нормативтік құжаттама құрамына кіреді.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылады:

1995 жылғы 30 тамыздағы Қазақстан Республикасының Конституциясы.

2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2005 жылғы 13 сәуірдегі № 39 «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Шектеулі мүмкіндіктері бар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 114-IV «Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі.

1994 жылғы 27 желтоқсандағы № 268-XIII Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі.


С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің Жарғысы.

ҰС ІНҚ 02.2007-2020 – Білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестациядан өткізу жөніндегі ұйым стандарты.

ҰС ІНҚ 01.1011-2020 – Ұйымның ішкі нормативтік құжаттары. Құжаттарды әзірлеу, баяндау және ресімдеу қағидалары.

ҚР ІНҚ 01.1006-2020 – Ішкі нормативтік құжаттар. Құжатталған рәсім. Құжаттаманы басқару.

ҚР ІНҚ 01.1007-2020 – Ішкі нормативтік құжаттар. Құжатталған рәсім. Сапа бойынша жазбаларды басқару.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	5—17 бет

3 Анықтамалар

Осы Ережеде төмендегі терминдер мен анықтамалар МС ИСО 9000 халықаралық стандартына сәйкес қолданылады:

Кедергісіз сәулет ортасы (КСО) білім беру ұйымында – мүгедектер мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдар үшін олардың психофизикалық ерекшеліктерінің шығу тегі, сипаты және ауырлығына қарамастан, білім беру ұйымына іргелес аумаққа, кіреберіс жолдарға, ғимарат ішіндегі қозғалыс бағыттарына қолжетімділікті қамтамасыз ететін сәулет ортасы.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылар үшін білімге тең қолжетімділікті қамтамасыз ететін процесс.

Ерекше білім беру қажеттіліктері (ЕББҚ) бар тұлғалар – денсаулық жағдайына байланысты білім алуда тұрақты немесе уақытша қиындықтарға тап болып, арнайы жалпы білім беру бағдарламалары мен қосымша білім беру бағдарламаларын қажет ететін тұлғалар.

Білім алу үшін арнайы жағдайлар – ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдар (балалар) үшін жалпы білім беру және басқа да білім беру бағдарламаларын игеру мүмкін емес болатын арнайы оқу бағдарламаларын, оқыту әдістерін, техникалық және басқа да құралдарды, өмір сүру ортасын, сондай-ақ медициналық, әлеуметтік және өзге де қызметтерді қамтитын жағдайлар.

Эксперименттік алаң – жаңа педагогикалық технологиялар мен білім беру мазмұнын сынақтан өткізу үшін эксперимент режимінде білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымы.

4 Белгілеулер мен қысқартулар

Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

Ереже – «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та инклюзивті білім беру туралы ереже.

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ – «С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті» КеАҚ.

СЖБӨ – сапа жөніндегі басшылық өкілі.

СҚ – сапа қызметі.


ҰС – ұйым стандарты.

ХС – халықаралық стандарт.

ЕББҚ – ерекше білім беру қажеттіліктері.

ДМШ – денсаулық мүмкіндіктерінің шектеулілігі.

КСО – кедергісіз сәулет ортасы.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	6—17 бет

5 Жауапкершілік және өкілеттіктер

5.1 Инклюзивті білім беру ережесін әзірлеу, келісу, бекіту және енгізу кезіндегі жауапкершілік пен өкілеттіктер мазмұны мен құрылымы үшін Академиялық мәселелер департаменті (бұдан әрі – АМД) жауап береді, ал рәсімдеу және бекіту сапа комитетінің (бұдан әрі – СК) құзыретіне кіреді.


Ереженің жобасы келесі тұлғалармен келісуі тиіс:

- Басқарма мүшесі – операциялық қызмет жөніндегі проректор;
- Қаржы директоры;
- Академиялық мәселелер департаментінің директоры;
- Құқықтық қызмет директоры.
- Келісім «Келісу парағында» (А қосымшасы) белгіленеді.
- Ереженің соңғы редакциясын бекіту туралы шешімді операциялық қызмет жөніндегі проректор қабылдайды.
- СК осы Ереженің күшіне енуі туралы бұйрықты дайындайды, оны Басқарма Төрағасы – Ректор бекітеді.

6 Жалпы ережелер

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та инклюзивті білім беру туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) төмендегілерді анықтайды:

- «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-да мүгедектер мен денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың (бұдан әрі – ДМШ) білім алуын ұйымдастыру мәселелері;
 - Университеттің құрылымдық бөлімшелерінің мүгедектер мен ДМШ тұлғаларына білім алу үшін жағдай жасау бойынша функцияларын бекіту;
- Мүгедектер мен ДМШ тұлғаларына арналған білім беру жағдайларын жасау шаралары, соның ішінде:
- Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық пен кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру;
 - Білім беру процесін кешенді сүйемелдеу және денсаулықты сақтау шаралары;
 - Инклюзивті білім берудің ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету;
 - Электрондық оқыту мен қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, ДМШ тұлғаларына арналған білім беру бағдарламаларын дамыту және қызмет көрсету;
 - Әлеуметтік-мәдени бейімдеу және кедергісіз сәулет ортасын құру;
 - Білім беру процесін кадрлық қамтамасыз ету, оның ішінде профессорлық-оқытушылық құрамның қажетті біліктілігін қамтамасыз ету;
 - ДМШ тұлғаларына арналған бейімделген білім беру бағдарламаларын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	7—17 бет

7 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та мүгедектер мен ДМШ тұлғаларының білім алуын ұйымдастыру

7.1 ДМШ тұлғаларының оқу процесін ұйымдастыру бойынша негізгі қызмет түрлері:

7.1.1 Жоғары оқу орнына дейінгі дайындық және мүгедек талапкерлер мен ДМШ талапкерлерін кәсіби бағдарлау;

7.1.2 ДМШ тұлғаларының білім беру процесін сүйемелдеу және денсаулығын сақтау;

7.1.3 Инклюзивті білім берудің ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және оған қызмет көрсету;

7.1.4 ДМШ тұлғаларына арналған электронды оқыту, қашықтықтан білім беру технологияларын қолданатын білім беру бағдарламаларын дамыту және қызмет көрсету;

7.1.5 Әлеуметтік-мәдени бейімдеу және мүгедек тұлғалар мен ДМШ тұлғаларын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу;

7.1.6 Кедергісіз сәулет ортасын құру;

7.1.7 Білім беру процесін кадрлармен қамтамасыз ету, оның ішінде профессорлық-оқытушылық құрамның қажетті біліктілігін қамтамасыз ету;

7.1.8 ДМШ тұлғалары мен мүгедектерге арналған бейімделген білім беру бағдарламаларын және оқу-әдістемелік қамтамасыз етуді әзірлеу.

8 Мүгедек және ДМШ талапкерлерін жоғары оқу орнына дейінгі дайындау және кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру


8.1 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та мүгедек талапкерлер мен ДМШ талапкерлеріне арналған жоғары оқу орнына дейінгі дайындық және кәсіби бағдарлау жұмыстарын ұйымдастыру Академиялық мәселелер департаментіне жүктеледі.

8.2 Аталған санаттағы талапкерлермен кәсіби бағдарлау жұмысының негізгі түрлері:

- Мүгедек талапкерлер мен ДМШ талапкерлерін кәсіби бағдарлау;
- ДМШ талапкерлері мен мүгедектер үшін қабылдау сынақтарын сүйемелдеу.

8.3 Мүгедек талапкерлер мен ДМШ талапкерлерін кәсіби бағдарлау олардың саналы және дұрыс кәсіби таңдау жасауына көмектесуге бағытталған. Ол келесі факторларды ескере отырып, мүгедектер мен ДМШ тұлғаларына қолжетімді білім беру бағдарламаларын таңдауға көмектеседі:

- Денсаулық жағдайы;
- Жеке оңалту бағдарламасында көрсетілген ұсыныстар;
- Өзінің қызығушылықтары, бейімділігі және қабілеттері.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	8—17 бет

9 ДМШ тұлғаларының білім беру процесін кешенді қолдау және денсаулық сақтау

9.1 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та ДМШ тұлғалары мен мүгедектердің білім беру процесін кешенді қолдау және денсаулығын сақтау мәселелері әлеуметтік мәселелер департаментіне, академиялық мәселелер департаментіне және халықаралық байланыстар департаментіне жүктеледі.

Халықаралық байланыстар департаменті бұл міндетті Erasmus+ DECIDE халықаралық жобасын іске асыру аясында жүзеге асырады: 598661-EPP-1-2018-1-RO-EPPKA2-SBHE-JP (2018-3492/001-001) «Шектеулі мүмкіндіктері бар тұлғаларға қызметтерді дамыту» (Developing Services for Individuals with Disabilities).

9.2 ДМШ тұлғалары мен мүгедектерді кешенді қолдау және денсаулық сақтау шаралары медициналық-әлеуметтік сараптама мекемелері немесе психологиялық-медико-педагогикалық комиссияның ұсыныстарына сәйкес жүргізіледі.

Кешенді қолдау оқу процесінің құрылымына байланысты және оның мақсаттарына, мазмұнына және әдістеріне сәйкес анықталады.

Бұл қолдау келесі бағыттарды қамтиды:

- Ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау;
- Психологиялық-педагогикалық қолдау;
- Медициналық-сауықтыру қолдауы;
- Әлеуметтік қолдау;
- «Дене шынықтыру» пәнін ДМШ тұлғалары мен мүгедектерге бейімдеу;
- «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та инклюзивті және толерантты әлеуметтік-мәдени орта құру.

9.3 Ұйымдастырушылық-педагогикалық қолдау

Бұл бағыт ДМШ тұлғаларының оқу бағдарламасын оқу процесінің кестесіне, базалық, жұмыс немесе жеке оқу жоспарларына сәйкес меңгеруін бақылауға бағытталған.


Қажет болған жағдайда келесі іс-шаралар жүргізіледі:

- Сабаққа қатысуды бақылау;
- Өз бетінше оқу жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету;
- Жеке кеңестер ұйымдастыру;
- Оқудың аралық және ағымдық бақылау нәтижелерін бақылау;
- ДМШ студенттері мен оқытушылардың өзара әрекеттестігін реттеу;
- Оқытушылар мен қызметкерлерге ДМШ тұлғаларының психофизикалық ерекшеліктері бойынша кеңес беру;
- Оқытушылар мен қызметкерлер үшін нұсқаулықтар мен семинарлар өткізу.

9.4 Психологиялық-педагогикалық қолдау

Бұл бағыт оқу материалын меңгеруде, қарым-қатынаста, әлеуметтік бейімделуде қиындықтары бар ДМШ тұлғалары үшін ұйымдастырылады.

Оның негізгі мақсаты – тұлғаны зерттеу, дамыту, түзету және кәсіби қалыптасуына көмектесу.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	9—17 бет

Осы мақсатта келесі жұмыстар жүргізіледі:

- Психодиагностикалық процедуралар;
- Психологиялық алдын алу шаралары;
- Жеке жетістіктерді түзету.

9.5 Медициналық-сауықтыру қолдауы

Бұл бағыт ДМШ тұлғалары мен мүгедектердің денсаулығын сақтау, бейімделу әлеуетін дамыту және оқу процесіне икемделуіне бағытталған іс-шараларды қамтиды.

9.6 Әлеуметтік қолдау

ДМШ тұлғаларының білім алуын кешенді қолдау шеңберінде келесі әлеуметтік шаралар қарастырылады:

9.6.1 Әлеуметтік қолдау шаралары:

- Тұрмыстық мәселелерді шешу;
- Жатақханамен қамтамасыз ету;
- Әлеуметтік төлемдер және материалдық көмек көрсету;
- Стипендия төлеу;
- Медициналық пункт қызметтері;
- Санаторий-профилактикалық демалыс шараларын ұйымдастыру.

9.6.2 «Дене шынықтыру» пәнін оқытудың ерекше тәртібі

ДМШ тұлғалары мен мүгедектер үшін дене шынықтыру пәнін меңгерудің арнайы тәртібі белгіленеді.

9.6.3 Инклюзивті әлеуметтік-мәдени орта қалыптастыру

«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-та барлық студенттер мен қызметкерлер үшін азаматтық, құқықтық және кәсіби қатыстылық сезімін дамытуға бағытталған толерантты әлеуметтік-мәдени орта құрылады.

Бұл орта ұжым мүшелерінің:

- өзара қарым-қатынасы мен ынтымақтастығына;
- әлеуметтік, жеке және мәдени айырмашылықтарды толерантты қабылдау қабілетін қалыптастыруға ықпал етеді.

10 Инклюзивті оқытудың ақпараттық-технологиялық базасын дамыту және қызмет көрсету

10.1 Материалдық-техникалық қамтамасыз ету


ДМШ тұлғалары мен мүгедектер үшін ақпараттық-технологиялық базаны дамыту оқу процесінде түрлі техникалық құралдарды қолдануды қамтиды.

10.2 Есту қабілеті шектеулі студенттерге арналған құралдар

- Amigo сымсыз оқу жүйесі;
- Jaws for Windows бағдарламасы (қазақ және орыс тілдерінде синтезделген сөйлеу қолдауы бар);
- Дыбыс жазбаларын ойнататын арнайы плеер.

10.3 Көру қабілеті шектеулі студенттерге арналған құралдар

- Қалған көру қабілетін күшейтуге арналған техникалық құралдар;
- Визуалды ақпаратты аудио және тактильді сигналдарға айналдыратын

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	10—17 бет

құрылғылар (электрондық лупалар, Amigo оқу жүйесі);

- Jaws for Windows бағдарламасы (қазақ және орыс тілдерінде сөйлеу синтезімен);
 - Ақпаратты бейімделген форматта беретін басқа да арнайы құралдар.
- 10.4 Қозғалыс-тірек аппараты бұзылған тұлғаларға арналған құралдар
- Арнайы компьютерлік техника мен бағдарламалық қамтамасыз ету;
 - Операциялық жүйелердің арнайы мүмкіндіктері (экрандық пернетақта және балама енгізу құрылғылары).

11 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін электрондық оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып іске асырылатын білім беру бағдарламаларын дамыту және оларға қызмет көрсету


11.1 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін электрондық оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып іске асырылатын білім беру бағдарламаларын дамыту және оларға қызмет көрсету мәселелері академиялық мәселелер жөніндегі Департаментке жүктелген.

11.2 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі жандарды оқыту кезінде электрондық білім беруді, қашықтықтан білім беру технологияларын қолданудың басты артықшылығы азаматтардың осы санаттарын оқыту траекториясын даралау мүмкіндігі болып табылады. Бұл білім алушының оқу іс-әрекетінің мазмұнын, әдістерін, қарқынын дараландыруды, нақты міндеттерді шешу кезінде мүмкіндігі шектеулі білім алушының, мүгедектің нақты іс-әрекеттерін бақылау мүмкіндігін, қажет болған жағдайда білім алушы мен оқытушының қызметіне қажетті түзетулер енгізуді білдіреді. Қашықтықтан оқыту технологиялары білім алушы мүгедек пен мүмкіндігі шектеулі адамның тек оқытушымен ғана емес, сонымен қатар танымдық қызмет барысында басқа да білім алушылармен тиімді қарым-қатынас орнатуына мүмкіндік береді.

11.3 Электрондық оқытуды, қашықтықтан білім беру технологияларын қолдануды қамтамасыз ететін білім беру порталын (бұдан әрі - портал) әзірлеу білім алушылардың, оның ішінде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар мен талапкерлердің ең көп санының қажеттіліктеріне жауап беру мүмкіндігін ескере отырып жүзеге асырылады. Порталда орналастырылатын ақпарат Web-контенттің қолжетімділігін қамтамасыз ету стандартына сәйкес келеді.

11.4 Оқу материалдарын іріктеу және әзірлеу мазмұнды әртүрлі формаларда - көзбен, аудио түрде ұсыну мүмкіндіктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Әзірленген мәтіндік емес мазмұн мүмкіндігінше деректер мен құрылымды жоғалтпай, пайдаланушылардың әртүрлі санаттары үшін ыңғайлы балама формаларға айналады. Мәтінді масштабтау, экрандық пернетақтаны қолдану мүмкіндігі қарастырылған.

11.5 Оқу процесінде онлайн және офлайн сабақтарды ұйымдастырудың әртүрлі формалары белсенді қолданылады, соның ішінде виртуалды дәрістер, чаттар, вебинарлар, семинарлар шеңберінде пәнді меңгеру мәселелерін талқылау, оқу үдерісіне пәнді (модульді) игеру барысында барлық қатысушыларды белсенді

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	11—17 бет

жұмысқа тарту арқылы жобалық қызмет технологияларын пайдалана отырып, бірлескен жұмыстарды орындау.

12 Әлеуметтік-мәдени оналту, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу

12.1 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу жөніндегі іс-шаралар мемлекеттік жұмыспен қамту орталықтарымен, коммерциялық емес ұйымдармен, мүгедектердің қоғамдық ұйымдарымен, кәсіпорындармен және ұйымдармен бірлесіп жүзеге асырылады.

12.2 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесудің негізгі нысандары: жоғары курс білім алушыларының жұмыс берушілерімен таныстырылымы және кездесулер, жұмыспен қамту мәселелері бойынша білім алушыларының мен тұлғалардың жеке және топтық консультациялары, шеберлік сабақтары мен тренингтер мыналар болып табылады.

12.3 Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру бағдарламалары шеңберінде енгізілген бейімдеу пәндерінің бағдарламалары тұлғаларды жұмысқа орналастыруға дайындауды, игерілген білімдерді, іскерліктерді, дағдыларды, қалыптасқан құзыреттерді толық ашумен және іс жүзінде қолданумен тікелей байланысты әлеуметтенудің келесі кезеңін қарастырады.


13 Кедергісіз сәулет ортасын құру

13.1 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-да кедергісіз сәулет ортасын (бұдан әрі – КСО) құру мәселелері инфрақұрылымды басқару және қызмет көрсету департаментіне жүктелген.

13.2 КСО құруға байланысты мәселелерді әзірлеу кезінде әртүрлі санаттағы мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың (есту, көру қабілеті бұзылған, моторлық функциялары шектелген) қажеттіліктері ескеріледі.

13.3 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ қозғалысы шектелген білім алушылардың кедергісіз, қауіпсіз және ыңғайлы жүріп-тұруына жағдай жасау, «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ-ның ғимараттары мен құрылыстарына кіруді қамтамасыз ету, қозғалыс маршруттарының болуын қамтамасыз ету, ақпараттық және навигациялық құрылғыларды орналастыру, баспалдақтарды пандустармен немесе көтеру құрылғыларымен қайталау, баспалдақтарды, пандустарды, тұтқаларды жабдықтау, есіктер мен баспалдақтардың контрастты бояуы, мүгедектердің көліктері үшін тұрақтарды бөлу сияқты іс-шараларды жүзеге асырады.

13.4 Ғимараттарға жоспарлы күрделі жөндеу жүргізу кезінде тірек-қимыл аппараты бұзылған адамдар үшін қолжетімді кем дегенде бір кіреберіс жасалуы қарастырылады. Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру бағдарламаларын іске асыру жоспарланатын оқу ғимараттарында тірек-қимыл аппараты бұзылған білім алушылар орналасуы мүмкін оқу кабинеттері мен басқа үй-жайлар қолжетімді кіреберісте орналастырылады.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023 ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	12—17 бет

13.5 Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға арналған білім беру бағдарламалары іске асырылатын аудиториялар мүгедектіктің әрбір түрі бойынша 1-2 орынды жабдықтау мүмкіндігін қарастырады, бұл мүгедектер арбасының қол жетімділігін және бұрылуын ескере отырып, аймақтың көлемін бір орынға ұлғайтуды, үстелдер арасындағы өту жолын ұлғайтуды және екі орындық үстелдерді бір орындықпен ауыстыруды көздейді. Жалпы, сыныпта терезе жанындағы және ортаңғы қатардағы бірінші үстелдер көру және есту қабілеті бұзылған білім алушыларға, ал есік жанындағы қатарда – мүгедектер арбасын пайдаланатын білім алушыларға арналған.

13.6 Ғимараттарға жоспарлы жөндеу жұмыстарын жүргізген кезде мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін қолжетімді, жиналмалы тіреуіштер, тұтқалар, айналмалы немесе жиналмалы отырғыштар орнатылған дәретханасы бар кем дегенде бір санитарлық-гигиеналық бөлме қарастырылуы тиіс.

13.7 «С.Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ кешенді ақпараттық жүйесі мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағдарлау және навигациялау үшін визуалды, дыбыстық және тактильді ақпаратпен қамтамасыз етеді.

13.8 Әртүрлі нозологиясы бар білім алушыларға сигнал беру және хабарландыру жүйесі визуалды, дыбыстық және тактильді ақпаратпен қамтамасыз етуді қарастырады. Ғимарат ішіндегі үй-жайларға, аймақтарға және қызмет көрсету аймақтарына өту маршруттары адамдарды ғимараттан эвакуациялау жолдарына қойылатын нормативтік талаптарға сәйкес жобаланады.

13.9 Жатақханаларда мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды кіреберіс алаңымен және басқа да пайдаланылатын үй-жайлармен жақсы байланыспен қамтамасыз етілген орналастыру аймағы жобаланады, әртүрлі нозологиясы бар студенттер білім алушылар үшін санитарлық-гигиеналық үй-жайлар қарастырылады.

14 Білім беру процесін кадрлармен, оның ішінде тиісті біліктілігі бар профессор-оқытушылар құрамының санаттарымен қамтамасыз ету

14.1 Оқу процесін кадрлармен, оның ішінде тиісті біліктілігі бар профессорлық-оқытушылық құрам санаттарымен қамтамасыз ету мәселелері факультеттер мен кафедраларға жүктелген.

14.2 «С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ штатында мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалардың білім беру процесін кешенді жүргізу мақсатында психолог, әлеуметтік педагог лауазымдары енгізілді. Қажет болған жағдайда сурдопедагог, сурдоаудармашы, тифлопедагог, арнайы техникалық және бағдарламалық құралдар жөніндегі маман сияқты жұмысшылар санаттарын тартуға болады.

14.3 Мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың психофизиологиялық ерекшеліктері, оқу ақпаратын қабылдау-беру ерекшеліктері, әртүрлі нозологияларды ескере отырып оқытудың арнайы техникалық бағдарламалық құралдарын қолдану туралы білім алу мақсатында қосымша кәсіптік білім беру бағдарламалары бойынша профессор-оқытушылар құрамының біліктілігін арттыру курстары, сондай-ақ халықаралық байланыстар Департаменті ұйымдастырған ЭРАСМУС халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген модульдер бойынша курстар



«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ
инклюзивті білім беру туралы ереже

1 нұсқа

2023 ж.

ПИОВНД2.2060-2023

13—17 бет

ұйымдастырылады+DECIDE-598661-EPP-1-2018-1-RO-EPPKA2-SVNE-JP (2018-3492/001-001) «Мүмкіндігі шектеулі тұлғаларға қызмет көрсетуді дамыту» (Жеке тұлғаларға арналған Даму қызметтері).

15 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін бейімдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

15.1 Мүгедектер мен мүмкіндігі шектеулі тұлғалар үшін бейімдеу білім беру бағдарламаларын әзірлеу және оқу-әдістемелік қамтамасыз ету мәселелері Академиялық мәселелер жөніндегі департаментіне, сондай-ақ тиісті кафедраларға жүктелген.

15.2 Ереженің осы бөлігінің мәселелеріне мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізу, оқыту әдістерін таңдау, мүмкіндігі шектеулі жандар мен мүгедектерді мамандандырылған білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету, практикадан өтудің негізгі ережелері, «Дене шынықтыру» пәнін игеру, білімге ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды жүргізу, әзірлемелер, қажет болған жағдайда жеке оқу жоспарлары және жеке кестелер жатады.


15.3 Білім беру бағдарламаларына мамандандырылған бейімдеу пәндерін (модульдерін) енгізу жоғары білімнің білім беру бағдарламасын игеру процесінде оқу және коммуникативтік дағдылардың бұзылуын, кәсіптік және әлеуметтік бейімделуді жеке түзетуге арналған. Мамандандырылған бейімдеу пәндері (модульдері) ЭРАСМУС+ DECIDE - 598661 - EPP халықаралық жобасын іске асыру шеңберінде әзірленген дара қажеттіліктерге сәйкес оқу ақпаратын қабылдау-берудің арнайы ақпараттық-компенсаторлық техникасын игеру, дара қажеттіліктерге сәйкес коммуникативтік дағдыларды түзету мақсатында білім беру бағдарламасы блоктарының вариативтік бөлігіне енгізіледі-1-2018-1-RO-EPPKA2-SVNE-JP (2018-3492 / 001-001) «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған қызметтерді дамыту» (developing services for individuals with disabilities), халықаралық байланыстар Департаменті ұйымдастырған модульдер бойынша курстар.

15.4 Мүгедектер және мүмкіндігі шектеулі жандар үшін оқыту әдістерін таңдау оқытудың мазмұнымен, профессорлар- оқытушылар құрамының кәсіби даярлық деңгейімен, әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың оқу ақпаратын қабылдау ерекшеліктерімен және т.б. анықталады. Оқытудың әлеуметтік-белсенді және рефлексиялық әдістерін қолдану ұсынылады, қолайлы әлеуметтік-мәдени реабилитацияны басқа білім алушылармен оқу тобында жайлы психологиялық қарым-қатынас орнату үшін көмек беру мақсатында қолданылады.

15.5 Мүгедектерді, мүмкіндігі шектеулі тұлғаларды мамандандырылған білім беру ресурстарымен қамтамасыз ету оқу материалын әртүрлі нысандарда - көзбен, аудио түрде ұсыну мүмкіндігін ескере отырып жүргізіледі.

15.6 Мүмкіндігі шектеулі білім алушылар үшін өндірістік практикадан өту орындарын таңдау олардың осы санаттағы білім алушылар үшін қолжетімділік талаптарын ескере отырып жүзеге асырылады. Ұсынылған еңбек жағдайларына қатысты оңалтудың жеке бағдарламасында көрсетілген медициналық-әлеуметтік

Құжатты рұқсатсыз көшіруге тыйым салынады

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1 нұсқа
		2023 ж.
	ПИОВНД2.2060-2023	14—17 бет

сараптаманың ұсынымдары ескеріледі. Қажет болған жағдайда практикадан өту кезінде кәсіби қызмет түрі мен жұмыс сипатын, орындалатын еңбек функцияларын ескере отырып, бұзушылықтардың сипатына сәйкес арнайы жұмыс орындары құрылады.

15.7 Ағымдағы білім мониторингін, мүмкіндігі шектеулі студенттердің аралық және қорытынды мемлекеттік аттестациясын жүргізу ерекшеліктері ҰС ІНҚ 02.2007-2020 Ұйым стандартында білім алушылардың білімін бақылау және қорытынды аттестаттауында көрсетілген.

15.8 Білім алушылардың білім беру бағдарламасын меңгеру дәрежесін бағалауға және білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізуге мүмкіндік беретін бағалау құралдарының мамандандырылған қорларын құру, аттестаттау және білімді бақылау нысандарын таңдау, жауаптар дайындауға қосымша уақыт беру, арнайы техникалық құралдарды қолдану, ассистентті тарту.

15.9 Жеке оқу жоспарлары мен жеке оқу кестесі бойынша оқыту мүмкіндігі шектеулі адамдар мен мүгедектер үшін білім алушылардың басқа санаттарымен қатар қарастырылған.

16 Өзгерістер енгізу тәртібі

16.1 Ережеге өзгерістер енгізу Басқарма мүшесі-өндірістік жұмыстар жөніндегі проректордың рұқсаты бойынша ғана жүргізіледі және міндетті түрде оның (олардың) қолы қойылған құжатпен ресімделеді. Ереженің өзгертілген нұсқасынан алынған парақтар түзетулер енгізуге рұқсат беру туралы құжатпен бірге сақталады.

16.2 Ережеге өзгерістер енгізу, сондай-ақ келісім 8.4.1-тармақтағы 01.1006-2023 ҚР ІНҚ талаптарына сәйкес жүргізіледі .


16.3 Ережеге өзгерістерді «Өзгерістерді тіркеу парағында» міндетті белгісі бар БК аға менеджері енгізеді

17 Сақтау және тарату

17.1 Бекітілген ережені (түпнұсқаны) БК-ға сақтауға беру үшін әзірлеу бөлімінің басшысы жауапты.

17.2 Сақтау және ӨЗП бөлімшелеріне тарату үшін жауапкершілік БК-ге жүктеледі.


17.3 ӨЗП электрондық құжат айналымы жүйесінде электрондық форматта тіркеліп, барлық бөлімдерге жіберіледі.

	«С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже	1-нұсқа
		2023 ж.
ПИОВНД2.2060-2023		18—17 бет

В қосымшасы
(міндетті)
Өзгерістерді тіркеу парағы

Ф.01.1011-03

Парақ нөмірлері				№ негізінде өзгеріс енгізілген хабарлама	Өзгерістер енгізген тұлғаның аты-жөні	Өзгерістер енгізген тұлғаның қолы	Өзгерістер енгізілген күн
өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				
1	2	3	4	5	6	7	8

	«С. Сейфуллин атындағы ҚазАТЗУ» КеАҚ инклюзивті білім беру туралы ереже 1-нұсқа	1-нұсқа
		2023 ж.
	ІНҚҰҚМН 2.2060-2023	19—17 бет